



БҰЙРЫҚ

*2024 ж. 20 маусым*

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *154*

город Астана

**Зорлық-зомбылыққа, қатігездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бағдарламасын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Зорлық-зомбылыққа, қатігездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Н.Ж. Оспанова) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің м.а.



Е. Оспан

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрі м.а.  
2024 жылғы «10» сәуірі  
№ 154  
бұйрығымен бекітілген

**Зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған  
кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы  
құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға  
көмек көрсету бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зорлық – зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы бағдарламада келесі ұғымдар қолданылады:

1) зорлық – зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмаған - өзіне қатысты зорлық-зомбылыққа, психикалық, физикалық және (немесе) мүліктік зиян келтіруге байланысты құқық бұзушылық жасалған, сондай-ақ жүйелі түрде қорлау сипатындағы әрекеттерге ұшыраған бала;

2) көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмаған – Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 1-тарауында айқындалған жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалғанына куә болған бала;

3) бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар – әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік – тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен материалдық көмек көрсетуді, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды әлеуметтік оңалтуды, мұндай балалардың еңбекке қабілетті жасқа толғаннан кейін жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар.

3. Көмек бағдарламасы зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға жарақаттардың эмоционалдық және мінез-құлық салдарын еңсеруде қызметтер кешенін көрсетуді көздейді.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға зорлық-зомбылық, қатыгездік, буллинг нәтижесінде алған жарақаттардың эмоционалдық, когнитивтік және мінез-құлық салдарын еңсеруде көмек көрсету болып табылады.

5. Бағдарламаның міндеттері:

зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға жан-жақты көмек көрсету;

кәмелетке толмағандарда қауіпсіз мінез-құлық, сындарлы тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

## **3-тарау. Бағдарламаның мақсатты топтары**

6. Бағдарламаның нысаналы топтарына зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандар, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандар жатады.

## **4-тарау. Зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандарға көмек көрсетуді ұйымдастыру**

7. Көмек көрсетудің негізі:

1) кәмелетке толмағанның және (немесе) заңды өкілінің өтініші;

2) ішкі істер органдарынан, білім беру, денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарынан, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиядан, отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «111» байланыс орталығынан, Адам құқықтары жөніндегі уәкілден, Бала құқықтары жөніндегі уәкілден, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілінен және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өз құзыреті шегінде балалардың сауалнамалық деректері (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні мен тұратын жері) көрсетіле отырып, мәліметтердің түсуі;

8. Ұйымдар зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандар, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандар туралы өтініш немесе мәліметтер келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде осы

бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағандардың қажеттіліктерін бағалауды жүргізеді.

9. Зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ олардың көзінше жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалған кәмелетке толмағандардың қажеттіліктерін бағалау негізінде осы бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көмек көрсету бағдарламасы әзірленеді.

## **5- тарау. Бағдарламаның мазмұны**

10. Бағдарлама келесі көмек түрлерін қамтиды:

- 1) медициналық көмек;
- 2) психологиялық көмек;
- 3) педагогикалық көмек;
- 4) әлеуметтік көмек;
- 5) құқықтық көмек.

11. Медициналық көмек «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 196-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы №421 қаулысымен бекітілген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек тізбесі шеңберінде көрсетіледі.

12. Психологиялық көмек Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

13. Педагогикалық көмек:

- 1) әлеуметтік-педагогикалық кеңес беруді;
- 2) балаларды тәрбиелеу және білім беру процесін ұйымдастыру, олардың әлеуметтенуіне, әлеуметтік ортада бейімделуіне және интеграциясына жәрдемдесуді;
- 3) білім алуға жәрдемдесуді (орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру);
- 4) түзету-педагогикалық сүйемелдеуді көздейді.

14. Әлеуметтік көмек «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тиісті жеңілдіктер, жәрдемақылар, өтемақылар, алименттер және төлемдер алуға, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға жәрдемдесуді көздейді.

15. Құқықтық көмек:

- 1) заңгерлік кеңес беруді;

2) зорлық-зомбылық, қатыгездік, жәбірлеу, сот ісін жүргізу және орындау фактілерін тергеу шеңберінде құқық қорғау, сот органдарымен ынтымақтастыққа жәрдемдесуді;

3) заңды маңызы бар құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету және жәрдемдесуді;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін және қызмет алушылардың заңды құқықтарын бұзатын немесе оларға қысым жасайтын ұйымдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне өтініштерді дайындауға және беруге көмек көрсетуді;

5) заңнамада белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды және әлеуметтік төлемдерді алуға жәрдемдесуді;

6) балалардың мүдделерін білдіруге сенімхаттарды рәсімдеуді;

7) сот-тергеу органдары мен мекемелерінде балалардың мүдделерін білдіруді көздейді.

Зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға,  
буллингке ұшыраған кәмелетке  
толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше  
жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар  
жасалған кәмелетке толмағандарға көмек  
көрсету бағдарламасына  
1 қосымша

### Кәмелетке толмағандардың қажеттіліктерін бағалау

1. Кәмелетке толмағанның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні \_\_\_\_\_

2. Заңды өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

3. Толтыру күні \_\_\_\_\_

4. Денсаулығы (қандай проблемалар бар, қандай шаралар қабылдануда, жыл сайынғы тексеруден өтті ме, егілді ме, физикалық даму қалыпты ма және басқалары) \_\_\_\_\_

5. Білім алуы (балабақшаға барады ма, жасына қарай дамуы; мектеп, сынып, жетістіктер, проблемалар, жасына сәйкес оқи ма, оқу түрі, қосымша білім (қандай үйірмелер мен секцияларға қатысады) \_\_\_\_\_

6. Заңды өкілдерінің мүмкіндіктері: ата-аналардың баланың қажеттіліктерін қамтамасыз ету қабілеті туралы қорытынды

Негізгі күтім (баланы тамақпен, баспанамен, киіммен қамтамасыз ету, гигиена, медициналық көмекке деген негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру) \_\_\_\_\_

• Эмоционалды жылулық (ата-аналар өздерінің сүйіспеншілігін қалай көрсетеді, баланың эмоционалды жылуын сезінуі үшін қажетті физикалық байланыс, жайлылықтың болуы, баланың басқа адамдарға деген сүйіспеншілігінің болуы, олармен байланыс орнату)

• Баланың танымдық қызығушылығы мен интеллектуалды дамуын қамтамасыз ету (баланың қабілеттерін дамыту, оның ойындарға, үйірмелерге,

спортқа, қосымша оқуға қол жетімділігін қамтамасыз ету, баланың жетістікке жетуін қамтамасыз ету, қиындықтарды жеңу) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

7. Кәмелетке толмағанның қажеттіліктері (баланың медициналық, психологиялық, әлеуметтік қажеттіліктері, көмекті, қамқорлықты, тәрбиені, ата-ана назарын, тұрақты дамуды қажет ететін салалар)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

8. Кәмелетке толмағанды қабылдаушы отбасына, отбасылық үлгідегі балалар үйіне тәрбиелеуге берген жағдайда оны сүйемелдеу жөніндегі ұсынымдар

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

(қолы)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Зорлық-зомбылыққа, қатыгездікпен қарауға,  
буллингке ұшыраған кәмелетке  
толмағандарға, сондай-ақ олардың көзінше  
жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар  
жасалған кәмелетке толмағандарға көмек  
көрсету бағдарламасына  
2 қосымша

### Көмек көрсету бағдарламасы

Кәмелетке толмағанның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні

Байланыс ақпараты \_\_\_\_\_

Мекен жайы \_\_\_\_\_

Баланы бағалау жүргізілді \_\_\_\_\_

Көмек көрсету бағдарламасы \_\_\_\_\_ кезеңіне арналады

Қызмет алушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес тағайындалған іс-шаралар  
(көрсетілетін қызметтердің түрлері мен көлемін көрсету):

| № | Іс-шараның<br>атауы | Тағайындалған<br>күні | Аяқталу<br>күні | Іс-шараны<br>іске асыруға<br>жауапты<br>ұйым | Монитори<br>нг сәтінде<br>іс-шараны<br>орындау<br>нәтижелері | Ескерту |
|---|---------------------|-----------------------|-----------------|----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|---------|
|   |                     |                       |                 |                                              |                                                              |         |
|   |                     |                       |                 |                                              |                                                              |         |
|   |                     |                       |                 |                                              |                                                              |         |
|   |                     |                       |                 |                                              |                                                              |         |

Ескертпелер, толықтырулар: \_\_\_\_\_

Маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

Көмек көрсету бағдарламасын қайта қарау күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Жүргізілген мониторингтен кейін толықтырылған іс-шаралардың атауы (қажет болған жағдайда):

| № | Іс-шараның атауы | Тағайындалған күні | Аяқталу күні | Іс-шараны іске асыруға жауапты ұйым | Мониторинг сәтінде іс-шараны орындау нәтижелері | Ескерту |
|---|------------------|--------------------|--------------|-------------------------------------|-------------------------------------------------|---------|
|   |                  |                    |              |                                     |                                                 |         |
|   |                  |                    |              |                                     |                                                 |         |
|   |                  |                    |              |                                     |                                                 |         |
|   |                  |                    |              |                                     |                                                 |         |

Ескертпелер, толықтырулар: \_\_\_\_\_

Маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

Жасалған күні \_\_\_\_\_



БҰЙРЫҚ

*20 шілде 2014г*

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *154*

город Астана

**Об утверждении программы помощи несовершеннолетним, подвергшимся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетним, в присутствии которых совершены правонарушения против личности**

В соответствии с подпунктом 3-1) пункта 1 статьи 7 Закона Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемую программу помощи несовершеннолетним, подвергшимся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетним, в присутствии которых совершены правонарушения против личности.
2. Комитету по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан (Оспанова Н.Ж.) довести настоящий приказ до сведения акиматов областей, городов Астаны, Алматы, Шымкента.
3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра просвещения Республики Казахстан.
4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

И.о. министра



*Е. Оспан*

Утвержден приказом  
И.о. министра просвещения  
Республики Казахстан  
от «20» 06 2024 года  
№ 154

**Программа помощи несовершеннолетним, подвергшимся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетним в присутствии которых совершены правонарушения против личности**

**Глава 1. Общие положения**

1. Программа помощи несовершеннолетним, подвергшимся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетним в присутствии которых совершены правонарушения против личности (далее – Программа) разработана в соответствии с подпунктом 3-1) пункта 1 статьи 7 Закона Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан».

2. В настоящей Программе помощи используются следующие понятия:

1) несовершеннолетний, подвергшийся насилию, жестокому обращению, буллингу – ребенок, в отношении которого совершено правонарушение, связанное с насилием, причинением психического, физического и (или) имущественного вреда, а также подвергшийся систематическим действиям унижительного характера;

2) несовершеннолетний, в присутствии которого совершены правонарушения против личности – ребенок, ставший свидетелем совершения правонарушений против личности, определенных главой 1 Уголовного Кодекса Республики Казахстан;

3) организации, осуществляющие функции по защите прав ребенка, – организации, осуществляющие социальную поддержку, оказание социально-бытовых, медико-социальных, социально-педагогических, психолого-педагогических, правовых услуг и материальной помощи, социальной реабилитации детей, нуждающихся в специальных социальных услугах, обеспечение занятости таких детей по достижении ими трудоспособного возраста.

3. Программа предусматривает оказание комплекса услуг несовершеннолетним, подвергшимся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетним в присутствии которых совершены правонарушения против личности, в преодолении эмоциональных и поведенческих последствий травм.

## **Глава 2. Цели и задачи Программы**

4. Целью Программы является оказание помощи несовершеннолетним, подвергшимся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетним в присутствии которых совершены правонарушения против личности в преодолении эмоциональных, когнитивных и поведенческих последствий травм, полученных в результате насилия, жестокого обращения, буллинга.

5. Задачами Программы являются:

предоставление несовершеннолетним, подвергшимся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетним в присутствии которых совершены правонарушения против личности всесторонней помощи;

формирование у несовершеннолетних навыков безопасного поведения, конструктивного межличностного общения.

## **Глава 3. Целевые группы Программы**

6. К целевым группам Программы относятся несовершеннолетние, подвергшиеся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетние в присутствии которых совершены правонарушения против личности.

## **Глава 4. Организация оказания помощи несовершеннолетним, подвергшимся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетним в присутствии которых совершены правонарушения против личности**

7. Основанием оказания помощи является:

1) обращение несовершеннолетнего и (или) законных представителей;

2) поступление сведений от органов внутренних дел, органов и организаций образования, здравоохранения, комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав, контакт-центра «111» по вопросам семьи, защиты прав женщин и детей, уполномоченного по правам человека, уполномоченного по правам ребенка, регионального уполномоченного по правам ребенка области, города республиканского значения, столицы и иных государственных органов и организаций в пределах своей компетенции с указанием анкетных данных детей (фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата рождения и места проживания).

8. Организации в течение одного рабочего дня с момента поступления обращения или сведений о несовершеннолетних, подвергшихся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетних в присутствии которых совершены правонарушения против личности, проводят оценку

потребностей несовершеннолетних по форме согласно приложению 1 к настоящей Программе.

9. На основании оценки потребностей несовершеннолетних, подвергшихся насилию, жестокому обращению, буллингу, а также несовершеннолетних в присутствии которых совершены правонарушения против личности, разрабатывается программа оказания помощи по форме согласно приложению 2 к настоящей Программе.

## **Глава 5. Содержание программы**

10. Программа включает в себя следующие виды помощи:

- 1) медицинская помощь;
- 2) психологическая помощь;
- 3) педагогическая помощь;
- 4) социальная помощь;
- 5) правовая помощь.

11. Медицинская помощь оказывается в рамках перечня гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, утвержденного Правительством Республики Казахстан в соответствии с пунктом 1 статьи 196 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» и перечнем медицинской помощи в системе обязательного социального медицинского страхования, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 20 июня 2019 года № 421.

12. Психологическая помощь оказывается в соответствии с Правилами деятельности психологической службы в организациях среднего образования, утвержденными приказом и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 25 августа 2022 года № 377.

13. Педагогическая помощь предусматривает:

- 1) социально-педагогическое консультирование;
- 2) организацию процесса воспитания и образования детей, содействие в их социализации, адаптации и интеграции в социальном окружении;
- 3) содействие в получении образования (среднего, технического и профессионального, послесреднего, высшего и (или) послевузовского образования);
- 4) коррекционно-педагогическое сопровождение.

14. Социальная помощь предусматривает содействие в получении полагающихся льгот, пособий, компенсаций, алиментов и соответствующих выплат, улучшении жилищных условий в соответствии с Кодексом Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», Социальным Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях», а также другими нормативными правовыми актами.

15. Правовая помощь предусматривает:

- 1) юридическое консультирование;

2) содействие в сотрудничестве с правоохранительными, судебными органами в рамках расследования фактов насилия, жестокого обращения, буллинга, судебного производства и исполнения;

3) оказание помощи и содействие в оформлении документов, имеющих юридическое значение;

4) оказание помощи в подготовке и подаче обращений на действия или бездействие организаций, предоставляющих специальные социальные услуги и нарушающих или ущемляющих законные права получателей услуг;

5) содействие в получении установленных законодательством льгот и преимуществ, и социальных выплат;

6) оформление доверенностей на представительство интересов детей;

7) представительство интересов детей в судебно-следственных органах и учреждениях.

Приложение 1  
к программе помощи несовершеннолетним,  
подвергшимся насилию, жестокому  
обращению, буллингу, а также  
несовершеннолетним в присутствии которых  
совершены правонарушения против  
личности

**Оценка потребностей несовершеннолетних**

1. Фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата рождения несовершеннолетнего \_\_\_\_\_
2. Фамилия, имя, отчество (при его наличии) законных представителей \_\_\_\_\_
3. Дата заполнения \_\_\_\_\_
4. Здоровье (какие проблемы, какие принимаются меры, пройден ли ежегодный осмотр, сделаны ли прививки, в норме ли физическое развитие и другие) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
5. Образование (посещает ли детский сад, развивается ли в соответствии с возрастом; школа, класс, успехи, проблемы, учится ли в соответствии со своим возрастом, форма обучения, дополнительное образование (какие кружки и секции посещает) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
6. Возможности законных представителей: заключение о способности родителей обеспечивать потребности ребенка
  - Основной уход (удовлетворение базовых потребностей ребенка в пище, жилье, чистоте, обеспечение одеждой, гигиене, предоставление медицинской помощи) \_\_\_\_\_
  - Эмоциональное тепло (как родители проявляют свою привязанность, есть ли необходимый физический контакт, комфорт, расположение, требуемые для того, чтобы ребенок почувствовал эмоциональное тепло; уважение привязанностей ребенка к другим людям, предоставление контактов с ними) \_\_\_\_\_

• Обеспечение познавательного интереса и интеллектуального развития ребенка (что делается для развития способностей ребенка, обеспечения его доступа к играм, кружкам, спорту, дополнительному обучению, обеспечение успешности ребенка, преодоления им трудностей)

7. Потребности несовершеннолетнего (медицинские, психологические, социальные потребности ребенка, области, где нужна помощь, забота, воспитание, родительское внимание, постоянное развитие)

8. Рекомендации по сопровождению несовершеннолетнего в случае передачи его на воспитание в приемную семью, детский дом семейного типа

Руководитель организации \_\_\_\_\_  
(подпись)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

Приложение 2  
к программе помощи несовершеннолетним,  
подвергшимся насилию, жестокому  
обращению, буллингу, а также  
несовершеннолетним в присутствии которых  
совершены правонарушения против  
личности

**Программа оказания помощи**

Фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата рождения несовершеннолетнего

Контактная информация \_\_\_\_\_

Адрес проживания \_\_\_\_\_

Оценка ребенка осуществлялась с \_\_\_\_\_ по \_\_\_\_\_

Программа оказания помощи разработана на период с \_\_\_\_\_ по \_\_\_\_\_

Назначенные мероприятия в соответствии с индивидуальными потребностями получателя услуг (указать виды и объем оказываемых услуг):

| № | Наименование мероприятия | Дата назначения | Дата завершения | Ответственная организация за реализацию мероприятия | Результаты выполнения мероприятия на момент мониторинга | Примечания |
|---|--------------------------|-----------------|-----------------|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|------------|
|   |                          |                 |                 |                                                     |                                                         |            |
|   |                          |                 |                 |                                                     |                                                         |            |
|   |                          |                 |                 |                                                     |                                                         |            |
|   |                          |                 |                 |                                                     |                                                         |            |

Примечания, дополнения: \_\_\_\_\_

Фамилия, имя, отчество (при его наличии), подпись специалиста

Дата пересмотра программы оказания помощи «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

Наименование мероприятий, которые были дополнены после проведённого мониторинга (при необходимости):

| № | Наименование мероприятия | Дата назначения | Дата завершения | Ответственная организация за реализацию мероприятия | Результаты выполнения мероприятия на момент мониторинга | Примечания |
|---|--------------------------|-----------------|-----------------|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|------------|
|   |                          |                 |                 |                                                     |                                                         |            |
|   |                          |                 |                 |                                                     |                                                         |            |
|   |                          |                 |                 |                                                     |                                                         |            |
|   |                          |                 |                 |                                                     |                                                         |            |

Примечания, дополнения: \_\_\_\_\_

Фамилия, имя, отчество (при его наличии), подпись специалиста  
\_\_\_\_\_

Дата составления \_\_\_\_\_